

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 14 (981) 29 наурыз 2024 жыл

[facebook.com/tainsha.tany](https://www.facebook.com/tainsha.tany)



<http://tainshatany.kz>



[tainsha\\_tan@list.ru](mailto:tainsha_tan@list.ru)

## ЕЛІМІЗДЕ ӘЗ – НАУРЫЗ ЖАҢАША ТОЙЛАНДЫ

Наурыз мейрамы ғасырлар бойы табиғат пен адам жанының жаңаруының символы болды. Тек көктемнің ғана емес, ең әуелі ізгілік пен жақсылықтың мейрамы болған Ұлыстың осы бір ұлы күні жер бетіндегі қанды соғыстар, дау-жанжалдар тоқтатылып, адамдар бір-біріне деген өкпе-реніштерін ұмытып, кешірімге келіп, татуласып, табыса білген. Халқымыз мол дастарқанын жайып, ақжарқын көңілмен жүздесіп, дәм татысып, өткен-кеткеннен сыр шертіп, барша адам баласына жақсылық, аманшылық тілеп, жастарға ақ баталарын берген.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтай шақыру дәстүрін жаңғыртуға бастамашы болды. Ол өз сөзінде, “Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі өз міндетін табысты аяқтады. Енді оның орнына құрамы жағынан ауқымды Ұлттық құрылтай құруды ұсынамын. Құрылтай қоғамдық диалогтың біртұтас институционалдық моделін қалыптастыруға тиіс. Сөйтіп, билік пен халықтың арасындағы дәнекерге айналатын болады. Қазіргі қоғамдық кеңестердің бәрін өз айналасына топтастырады. Осылайша сан түрлі қоғамдық пікір иелерін түгел қамтитын өкілді құрылым қалыптасады. Ұлттық құрылтай мүшелері маңызды мәселелерді талқылау үшін тұрақты түрде бас қосып отырады”, – деп атап көрсетті. 2022 жылы тұңғыш рет ұлт ұясы – Ұлытау төрінде бастау алып, одан рухани астанамыз Түркістанда, Биыл әулиелер мекені Атырауда жалғасқан Ұлттық құрылтай жарқын болашаққа даңғыл жол салатын Тәуелсіз қазақ елінің жаңа дәуір жаңалығы десе де болады. Наурыз мерекесімен және Рамазан айымен тұспа – тұс келген, сипаты өзгеше, мазмұны ауқымды соңғы құрылтайда руханият пен мәдениетімізге қатысты мәселелердің кеңінен талқылануы көпшілікке үлкен ой салды. Мұндай бастама ой-санамызды жаңғыртып, ұлттық рухымызды одан әрі шыңдауға құлшыныс тудыратынына анық көз жеткізіп отырмыз. Оның нақты айғағы – Ұлыстың ұлы күні тұтас халықтық мерекеге айналып, өзгеше қырынан жаңғыруы. Яғни 14 наурыз – Амал мерекесінен басталып, Қайырымдылық, Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр, Шаңырақ, Ұлттық киім, Жаңару, Ұлттық спорт, Ынтымақ, Тазару күндеріне жалғасып, Жыл басы күнімен түйінделді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзі Ұлыстың ұлы күнін ардақтаумен, мәдени кодымыздың ажырамас бөлігі ретінде тығыз бірлікте қаралып, рухани байланыста болуынның дәлелі болды. Президентіміз өз-Наурыздың ұлттық бірегейлігімізді нығайтудағы мызғымас орнын айғақтап берді. Осы бағытта “Әрине бүкіл әлем жұртшылығымен бірге қарсы алатын Жаңа жыл мерекесінен бас тартпаймыз. Бірақ өз-Наурыздың мәртебесін көтеріп, мазмұнын байыта түсеміз. Мысалы, Көрісу күнінен басталатын мейрам кезінде әр күннің атауы болады. Соның бірі – Ұлттық киім күні деп аталады. Басқа жұрт қазақты киімінен танитын болуы керек. Кейбір ірі компаниялар мен оқу орындары ұлттық нақышта киіну үрдісін енгізіп жатыр. Бұл – өте орынды бастама, оны қолдап, ауқымын кеңейте түсу керек. Қазіргі таңда мұндай қадамдардың мән-маңызы айрықша”, – деген Президенттің сөзі көпшілікке терең ой салды. Салт-дәстүрімізден ажырамаудың жаңа үлгілерін жаңа жылымызды атап өту апталығында анық байқадық. Мекеме қызметкерлерінің, мектеп мұғалімдерінің ұлттық киіммен жүруі – бұған бірден – бір дәлел болды. Осы үрдісті отбасылық дәстүрмен тығыз бірлікте дамытатын болсақ, рухани кеңістігіміз кеңейіп, зайырлы ел ретіндегі мәртебебіздің де арта түсері анық.

Өз-Наурыздың жаңаша тойлануы, өзгеше қырынан атап өтілуі халқымыздың дүниетанымы мен өмірлік ұстанымдарына, сана-сезіміне үлкен серпіліс әкелді деген ойдамын. Қазақстанда тұратын жүзден астам этнос өкілдерінің Наурыз мерекесі құтты болсын. Ұлыстың Ұлы күні елімізге құт – береке, әр шаңыраққа бақыт, молшылық, ынтымақ әкелсін!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Ұлыынша маңы

## ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТТІ



Жер бетіне жылудық ала келген көктемнің жаймашуақ мезгілінде орталық «Достық» алаңында киіз үйлер тігіліп, көңілді саз әуені ойнап, қала тұрғындары мен қонақтарын мерекелік той-думанды көруге асықтырды. Биыл күллі тіршілік атаулы ұйқыдан оянып, күн мен түн теңеліп, төрт түлік төлдеп, жер-жаған жаймашуақ нұрға бөленетін Наурыз мейрамы, тарихы тереңде жатқан Ұлыстың Ұлы күні тайыншалықтар үшін ерекше күн болды. Тайынша жұртшылығы Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мейрамын жоғары деңгейде атап өтті.

Салтанатты іс-шараны ашқан аудан әкімі Берік Әлжанов тайыншалықтарға жүрекжарды жылы лебізін арнап, жиналған көпшілікті өз-Наурызбен құттықтады. Күн шуағын молынан төккен дала сахнасында ұлттық салт-дәстүрге негізделген театрландырылған қойылымдар еркіндік алып, «Ұмай ана», «Қызыр ата», «Жұлдызшы» сияқты кейіпкерлер ақ тілектерін айтып, әдет-ғұрып рәсімдерін жасап, жиналған жұртшылықты мерекелік көңіл – күйге кенелтті.





# ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТТІ

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

Қаз-қатар тігілген киіз үйлерде түрлі дәмге толы ақ дастарханнан жұртшылық дәм татып, наурыз көже ішіп, үлкендер ақ батасын беріп жатты. Кезектесіп алтыбақанда тербелген жастардың да қарасы көп болды. Осындай халықтық мерекені ұйымдастыруда қаладағы барлық еңбек ұжымдары, білім ошақтары ерекше белсенділік көрсетті. Біріне бірі ұқсамайтын киіз үйлер, арнайы жасалған дастархан мәзірі, әр отауда тамашаланған салт-дәстүрлер мен шырқалған ән-жыр көпұлтты Тайынша ауданының бірлігі мен достығын, іскерлігін тағы да бір дәлелдеді. Қала бойынша барлық киіз үйлерде палау, наурыз көже, бауырсақ және ыстық шай тегін таратылды. Сонымен қатар, арқан тартыс, қол күрес, асық ойыны, қой көтеру сынды ұлттық ойындардан жарыстар өтті. Спорттық жарыстардың жеңімпаздарына бағалы сыйлықтар мен сертификаттар табыс етілді. Наурыз құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныштықта өмір кешсін! Жыл басы қош келдің!

\*\*\*

Наурыз – тіршіліктің жаңарып, күн мен түннің теңеліп, өзгеше кейіпке енетін айы. Күллі түркі ұлысына ортақ Ұлыстың ұлы күні Әз Наурыз мерекесі де қазақ халқы үшін ерекше мейрам. Ұлттың ұлы салт-дәстүріне негізделген айтулы мерекенің көпшілікке берер тәлімі мен тағылымы да мол. Бұл күні қыстан аман шыққан халық бір-бірімен көрісіп, хал сұрасып, келер күндерден жақсы үміт күтеді, бір-біріне игі тілегін арнайды. Бұл да халқымыздың ғасырлар бойы жасап келе жатқан ежелгі дәстүрі, келер ұрпаққа көрсеткен жақсы өнегесі. Мерекелік алаңға шыққан тұрғындар да бір-бірімен қауышып, «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!» деп игі тілектерін арнады. Ұлыстың ұлы күні «Достық үйінің» маңайындағы сауда-саттық аймағында тігілген бір үлгідегі шатырлар астында көпшілікке наурыз көже мен бауырсақ таратылды. Өнерпаздар ән шырқап, би билеп, мерекелік іс-шараның көрігін қыздырды. Мұндай мерекелік шаралар ауданның барлық ауылдық округтерінде де ұйымдастырылды.



Құтты болсын, Әз-Наурыз, Құтты болсын мереке!  
Аман болып еліміз, Арта берсін береке!

Арайлы таң нұр шашып,  
Шапағына бөлесін! Сыйластықта әр адам,  
Бірін-бірін демесін! Тату болып ағайын,  
Араздықты көрмесін! Тату болып абысын,  
Шаттығымен тербесін! Жаратқаным жар болып,  
Қиындығын бермесін! Наурыз тойда бар халық,  
Мол бақытқа кенелсін! Көктем әні шырқалып,  
Күн менен түн теңелсін! Қазақ елі жанданып,  
Қуанышын тойласын! Ақ мол болып, ұлыс оң,  
Жақсылығын жоймасын! Жаңа жылы қазақтың,  
Бар жақсысын арнасын! Тыныш, бейбіт заман боп,  
Шаттық әні жалғасын! Мәдинада Мұхаммед,  
Түркістанда Қожа Ахмет, Рухы бізді қолдасын!

Ұлыстың ұлы күнінде, Бар жақсылық орнасын!  
Дәстүріміз жаңғырып, Наурызымыз жандансын!  
Наурыз көже беріліп, Көңілге күй орнасын!  
Күн менен түн теңеліп, Қыран құстар самғасын!  
Аман болып еліміз, Тыныш болып жеріміз,  
Бақ-береке орнасын! О, Жаратқан қабыл ет,  
Қабылдаудың қамын ет! Тілдінің тілінен сақта,  
Көздінің көгінен сақта! Жалыны көп өрттен сақта,  
Шипасы жоқ дерттен сақта!  
Батып кетер судан сақта,  
Адасатын нудан сақта!  
Тасқын судан алыс ет,  
Ерлерімді намысты ет! Қыздарымды иманды,  
Ұлдарымды арысты ет! Құтты болсын Әз-Наурыз,  
Жаратқаным жар болып! Тату болсын ағайын,  
Сыйластығы бар болып! Елді бастар адамдар,  
Аман болсын, бар болып! Күлімдей түс, қазағым!  
Шаттықты атар таң болып!



## «АРМЫСЫҢ, ӘЗ НАУРЫЗ!»



Балабақшамызда Наурыз мейрамының онкүндігіне сәйкес мерекелік іс-шаралар өтті. Биылдан бастап 14-23 наурыз аралығында халықтық мерекені тойлауға арналған Наурызнама онкүндігі жарияланды. 14 наурыз – «Көрісу күні – Амал мерекесі». Дәстүр бойынша, бұл – туған-туыстарға, көршілерге, жасы үлкен кісілерге және т.б. сәлем беретін немесе қонақ күтетін уақыт. 15 наурыз – Қайырымдылық. Бұл күн мейірім мен тату көршілік тақырыбына арналды. 16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні. Бұл күн мәдениетті, өнерді және ұлттық құндылықтарды насихаттауға арналды. 17 наурыз – Шаңырақ. Бұл күнді отбасы құндылықтарын дәріптеуге арналды. 18 наурыз – Ұлттық киім күні. Наурызнаманың онкүндігінде ұлттық киімдерді танымал етуге және сәнді киімдер көрсетілімін өткізуге ерекше назар аударылды. 19 наурыз – Жаңару. Бұл күні қоршаған ортаға қамқорлық танытып, тазалық жұмыстарына көңіл бөлінді. 20 наурыз – Ұлттық спорт. Бұл күні ұлттық спорттан түрлі жарыстар ұйымдастырылды. 21 наурыз – Ынтымақ. 22 наурыз – Жыл басы. 23 наурыз – Тазару. Наурызнаманың қорытынды күні. Наурызнаманың онкүндігі барысында "Айгөлек"

балабақшасы әр күнге арналған тақырыпта іс-шаралар атқарды. Балалар қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық тағамдары, ұлттық киімдері туралы көп мағлұмат алды. Ел болам десең, бесігіңді түзе», - деп заңғар жазушымыз М.Әуезов айтқандай, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру-біздің басты мақсатымыз. Осы орайда балабақшамызда өткізілген «Армысың, Әз Наурыз» атты Наурыз мейрамына арналған ертеңгіліктеріміз осы диттеген мақсатқа жетуге себепші болар деп сенеміз. Себебі осы ертеңгіліктерден балалар Наурыз мейрамы туралы ғана біліп қоймай, салт-дәстүр, тарих, этнография, ұлттық өнер, халық ауыз әдебиетінен хабардар болды. Осы мерекелік іс-шарадан балалар да, үлкендер де ерекше әсер алды. Әз-Наурыз жас ұрпаққа өз елін сүйіп, салт-дәстүрін, ділін, тілін құрметтеудің, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетудің ерекше үлгісі екенін жеткізе білсек, көрсете білсек, болашағымыз кемел боларына сенімдімін. Наурыздан Наурызға жете берейік!

Жанаргүл ҚОЖАБЕКОВА,  
"Айгөлек" балабақшасының тәрбиешісі.

## АТА-БАБАМЫЗДАН КЕЛЕ ЖАТҚАН НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ ҚАЗАҚ ЕЛІ ҮШІН МАҢЫЗЫ ЗОР



Ежелден келе жатқан көктем мезгілінде тойланатын бұл мереке ырыстың, береке мен молшылықтың, бірліктің, бейбітшілік пен көктемгі жаңғырудың мерекесі. Аудан көлемінде бірінші болып Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесін Мировновка ауылдық округі бастады. Әз Наурыз мейрамы Мировновка ауылының орталық алаңында ерекше аталып өтті. Бұл күні ұстаздар қауымы және жергілікті ауыл тұрғындары мен оқушылар қазақтың ұлттық киімін киіп, өз өнерлерін ортаға салды.

Айтулы мерекеге округ тұрғындары ертемен келіп, бір - бірін Әз-Наурыз мерекесімен құттықтап, қуана қауышты. Мерекеге арнайы тігілген киіз үйде жиналған жұртшылыққа ас мәзірі дайындалып, таратылды.

Шара барысында ұлттық ойын, ұлттық өнер сайысынан байқау ұйымдастырылды. Алғашқы болып сөз алған ауылдық округ әкімі Кемел Оралбайұлы округ тұрғындарын мерекемен құттықтады. Жалпы мерекелік іс – шара «Тамыз ИНВЕСТ»ЖШС-нің қолдауымен өтті. Серіктестік басшысы Нұрлан Асанқұлов мырзаның атынан спорт ойынына қатынасқандар мен ұйымдастырушыларға Алғыс хаттар табысталды. «Тамыз ИНВЕСТ»ЖШС-нің атынан М.А.Молдағайыпов жиналғандарды Наурыз мерекесімен құттықтады. Мерекелік әндер мен билер шырқалып, өнерпаздар көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Мереке барысында «Асық ату», «Қол күрестіру», «Тоғызқұмалақ» ұлттық ойындары және гір көтеру, арқан тарту сияқты спорт түрінен жарыс ұйымдастырылды. Арнайы құрылған алтыбақан да мерекеге ерекше сән беріп тұрды.

Мектеп ұстаздары мен балалар дайындаған мерекелік концертіне ұласқан Наурыз тойынан көпшілік көтеріңкі көңілмен тарады.

Бұл күні «Наурызнама» тұжырымдамасы бойынша «Шаңырақ» күні тойланды. Осы күнге орай Тайынша ауданының әкімі Б.А.Әлжанов шаңырақ құрғандарына 50 жыл толған Мировновка ауылының тұрғындарын, «Алтын той» иелері Қайролла ақсақал мен Нұржамал әжейді құттықтады.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

## АУЫЛДАҒЫ НАУРЫЗ ТОЙ

Келлер ауылдық округінде "Наурыз Мейрамы" мерекесі өте көңілді өтті. Ауылдық округ тұрғындарын палау, наурыз-көже, округтің бюджеттік ұйымдары ұсынған (Дэу-65, АЭС, Қазақтелеком, Келлеровка ауылының полиция бөлімі, Келлеровка ауылының өрт сөндіру бөлімі және ауылдық округ әкімінің аппараты) киіз үйдегі дәмді шай мен тегін сыйлықтар күтіп тұрды. Сондай-ақ ауылдық округ тұрғындары үшін арнайы көрме, халықтар мәдениетінің тұсаукесері, сауда, ауданның көркемөнерпаздары мен мектеп оқушыларының мерекелік концерті ұйымдастырылды. Ер адамдар өз күштерін салмақпен, армреслингпен, асық-атумен сынап алды. Бас спорт түрі "Қазақша күрес" бойынша күш сынасып, бас жүлдеге қошқар қойылды.

Ауылдық округ тұрғындарын құттықтауға Тайынша ауданының әкімі Б. А. Әлжанов келді. Мерекелік іс-шараға қатынасқан аудан әкімі ауыл тұрғындарын Наурыз мейрамымен құттықтап, алдағы күндерге сәттілік тіледі.

Келлер ауылдық округі әкімінің аппараты мерекелік іс-шараны өткізуде көрсеткен демеушілік көмегі үшін Келлер ауылдық округі төңірегіндегі барша басшылар мен жекелеген азаматтарға алғыс айтады. Наурыз мерекесі құтты болсын!



## ҰЛЫС ОҢ, АҚ МОЛ БОЛСЫН



Теңдік ауылында Наурыз мейрамы ерекше форматта өткізілді. Мерекелік іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Е.Е.Дүйсенбин қатысты. Наурыз мейрамын жоғары деңгейде өткізілуіне мұрындық болған Моңғолиядан Теңдік ауылына көшіп келген ағайындар. Олар осынау ұлы мерекенің ерекше өтуіне жан – жақты өз үлестерін қосудан қатар, әртүрлі ұсыныстар айтып, барлық ауылдастармен бірлесе ұйымдастырды. Тойға жиналған халықтың қарасы өте көп болды. Қазақтың ұлттық ойындар ойнатылып, көшпелі қазақтың үлгісінде шеру өткізілді. Барлық спорттық іс-шаралардың жеңімпаздарына ақшалай сыйлықтар үлестірілді. Спорттық іс-шараның барлық түрі тартысқа толы болды. Ұлттық ойындар ішінде ауызша айтылып жүрген ҚЫЗ ҚУУ және ЛӘҢГІ ТЕБУ, АСЫҚ АТУ ойындары шынайы түрде ұйымдастырылды. Көрерменнің қызығушылығы өте жоғары болады. Балалардың қыстай дайындаған тұлпарларына орай ТАЙ мен ЖАБАҒЫ жарысы өткізілді. ҚОЙ КӨТЕРУ, ГИР КӨТЕРУ, ҚОЛ КҮРЕСІ, АРҚАН ТАРТЫС, БҰҚА ТАРТЫС сынды спорттық ойындар ойнатылды. Сол кештің басты бәсекелестікке толы ойындарының бірі болған, ол әрине ҚАЗАҚША КҮРЕС. Мектеп спорт залында ұйымдастырылды.

Жалпы Наурыз мейрамының жоғарғы деңгейде ұйымдастыра білген Теңдік ағайындарына және кеш қонақтарына ризашылығымызды білдіреміз. Наурыз құтты болсын. Ұлыс оң, ақ мол болсын.



## "АТА БАБА ДӘСТҮРІ ҰРПАҚҚА АМАНАТ"



Теңдік ауылдық кітапханасында "Ата баба дәстүрі ұрпаққа аманат" атты салт дәстүр сағаты ұйымдастырылды. Қазақ халқының ең маңызды салт дәстүрлері ою-өрнек тоқыма тоқу, кесте тігу. Іс-шараға ауылдың ақ жаулықты әже мен оқырмандары қатысты. Оқырмандарға кітапханашы Нуржанар қазақтың ұлттық қолөнерін дәріптеп, ою өрнек ойып, тоқыма түрін көрсетті. Іс шара соңында "Ата баба дәстүрі ұрпаққа аманат" атты ұлттық бұйымдар көрмесі көрсетілді.

Бетті дайындаған: Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ.

## НАУРЫЗ – ЖАҢАРУ МЕРЕКЕСІ

Қазақстанда көктем қысты шығарып, 21 наурызда толықтай өз мезгіліне келеді – дәл осы ерекше күні көктемгі күн мен түннің теңелуін ғана емес, табиғаттың да жаңаруын білдіретін жарқын Наурыз мейрамы тойланады.

Аймақ ауылында Наурыз мейрамы тойланып, аудан тұрғындарын құттықтауға аудан әкімінің орынбасары Еркебұлан Ерболұлы Дюсембин мен «Тайынша Май» ЖШС директоры Фан Лунфэй арнайы келді. Мереке шығармашылық ұжымдардың биімен, домбырада ойнауымен, сахна қойылымымен көркейтілді. Сондай-ақ аудан қонақтары мен тұрғындары арасында әйелдер мен ерлер арасында «Жілік соғу», ерлер мен әйелдер арасында армрестлинг, қазақ күресі, «Арқан тарту» бойынша спорттық жарыстар өткізілді. Жеңімпаздарға мақтау қағаздары мен бағалы сыйлықтар табыс етілді. Мереке барша тұрғындар мен қонақтарға ұмытылмас әсер қалдырды.

## КӨРІСУ КҮНІ-АМАЛ МЕРЕКЕСІ

14 наурызда «Наурыз мейрамы» мерекесі қарсаңында Тайынша қаласындағы аудандық кітапханада «Көрісу күні» атты мерекелік іс-шара өтті.

Аталмыш мерекені атап өтуге жиналған аудан тұрғындары мен қонақтардың алдында аудан әкімі Б. Әлжанов, ардагерлер Кеңесінің төрағасы А. Рафальский, аудандық мәслихаттың төрағасы С. Бекшенов құттықтау сөз сөйледі. Іс-шара этно-мәдени орталықтардың қатысуымен және олардың ұлттық нақыштағы киімдерін көпшілікке таныстыру үлгісінде өтті. Этно-мәдени орталықтардың қатысушылары өз халқының мәдениетімен, ұлттық тағамдарымен таныстырды. Сондай-ақ балалар кітаптары бөлімінің кітапханашылары балалардың шығармашылығымен таныстырды.

## "КӨНЕ МЕРЕКЕНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ"

Чкалов ауылдық кітапханасында оқырмандардың көктем мен жаңарудың жалпыхалықтық мерекесі туралы түсінігін кеңейту және қазақ халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау мақсатында "Көне мерекенің құндылықтары" атты оқырмандармен фольклорлық сағат өткізілді.

Қазақ ұлысы болып қалыптасқалы Наурыз тойы ешбір қазақ хандығында елеусіз қалған емес. Қайта қазақ ұлтының ең ұлы мерекесінің бірі болып тойланып келді. Және бұл туралы көптеген деректерді келтіруге болады. Жалпы «Самарқанның көк тасы еріген күн» қазақ даласы үшін құт-берекенің басы. Іс-шараға жиналған ауыл әжелері наурыз мерекесінің тойлануы, наурыз көже жасаудың қыр-сыры, ұлттық киім мен ұлттық тағам туралы мағлұмат беріліп, "Бесікке салу" рәсімі көрсетілді.

Баян БАЙГУЛБАЕВА,  
Чкалов ауылдық кітапханасының  
кітапханашысы.

## ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

Аудандық кітапханада «Наурыз мейрамына» арналған ерлер мен әйелдер арасында тоғызқұмалақ ұлттық ойыны бойынша жеке аудан біріншілігі өтті. Ауылдық округтерден және Тайынша қаласынан қатысушылар келіп қатысты. Тоғызқұмалақ ойыны бойынша жүлделі орындарға ие болғандардың қатарында: ерлер арасында 1 орын – Қадырбек Бақытжан, 2 орын – Жүнүсов Қанат, 3 орын – Ахмеров Нұрбек; әйелдер арасында 1 орын – Лидер Наталья, 2 орын – Лингура Татьяна, 3 орын – Агзамова Қазира.

## ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР КҮНІ

Бұл күні орталық аудандық кітапханада ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді дәріптеу мақсатында мәдениет мекемелерінің қызметкерлері "Келін түсіру" рәсімін ұсынды. "Келін түсіру" - қазақ халқының маңызды әдет-ғұрпы. Қалыңдық үшін "шашу" рәсімі арнайы өткізілген. Содан кейін киіз үй дайындалды. Қалыңдық орамал тағып, күйеу жігіттің үйінің табалдырығын аттап, қалыңдық тағзым етеді. Тағзым еткеннен кейін қалыңдық бата алады. Дәстүр бойынша қайын енесі отқа май құю рәсімін өткізуі керек, өйткені бұл отбасылық ошақтың ешқашан сөнбейтіндігін көрсетеді. Содан кейін қалыңдық оған арнайы дайындалған киіз үйге кіреді. Қалыңдықтың қайын енесі шашу рәсімін өткізіп, батасын береді.



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1-бабына және уақытша өтеулі жер пайдалану (шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру және өткізу қағидаларына сәйкес, 10 жыл мерзімге мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдеріне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурс өткізеді.

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ хабарлама (хабарландыру) алғаш жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік өткен соң конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдауды бастайды. Осы конкурсқа қатысуға өтінімдер өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қабылданады.

2024 жылғы 29 сәуірінен бастап 2024 жылғы 22 мамырды қоса алғанда дейінгі кезеңде өтінімдерді қабылдау жүзеге асырылады. Қорытындылау күні конкурстың аяқталу күні болып саналады. Конкурс қорытындысы конкурсқа қатысуға өтінім беру мерзімі аяқталғаннан кейінгі күні өткізіледі.

Конкурстың өтетін орны және күні, уақыты: СҚО, Тайынша ауданы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 197, 3-қабат, отырыс залы мекенжайы бойынша Тайынша ауданы әкімдігінің ғимаратында 2024 жылдың 23 мамырында 10 сағат 00 минутта конкурстың қорытындылары шығарылады.

**Конкурстың шарттары :**

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім міндетті түрде тіркеу нөмірі беріліп және өтінім берушіге хабарлама беріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қағаз жеткізгіште немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен)

үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстың ұсынысы;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттемелер.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

**Конкурстың ұсыныста болу керек:**

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды,

фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Жер комиссиясы барлық өтінімдерді олардың сәйкестігі, толықтығы, есептеулерде қателердің, құжаттардағы барлық қолдардың болуы тұрғысынан зерделейді, сондай-ақ тұтастай ресімдеудің дұрыстығын тексереді, бизнес-жоспар бойынша, оның ішінде конкурстық ұсыныста көрсетілген инвестициялардың болжамды көлемі бойынша балл беру арқылы өтінімдерді бағалайды, салыстырады.

Баллдар міндеттемелердің мынадай өлшемшарттары бойынша беріледі: 1 гектарға салынатын инвестициялардың болжамды көлемі туралы, мың теңге:

1) суармалы емес егістікке:

50-ге дейін-1 балл;  
50 – ден 70-ке дейін-5 балл;  
70 – тен 90-ға дейін-10 балл;  
90 – нан 110-ға дейін-15 балл;  
110-20 балдан жоғары;

2) жайылымдық және шабындық жерлерге:

5 – 1 балға дейін;  
5 – тен 10-ға дейін-5 балл;  
10 – нан 20-ға дейін-10 балл;  
20 – дан 30-ға дейін-15 балл;  
30-20 балдан жоғары.

Осы ауданда, қалада, ауылда, кентте кемінде 5 жыл тұратын адамдарға олардың конкурстық ұсыныстарына қосымша 10 балл беру түрінде артықшылық беріледі. (Көрсетілген 10 баллды беру үшін қатысушыларға растайтын құжаттарды ұсыну қажет).

Конкурстық ұсыныс, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы конкурстық ұсынымды беру жағдайларынан басқа, нөмірленген беттерімен тігілген түрде «2024 жылғы 23 мамырға дейін ашылмасын» жазбасы көрсетілген, жабық конвертке ұсынылады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім талаптарға сәйкес келмесе, қабылдамай алып тастауға жатады.

Конкурсты өткізу тәртібі туралы мәліметтерді және қосымша ақпаратты Тайынша ауданы әкімінің [www.tsh.sko.gov.kz](http://www.tsh.sko.gov.kz) «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ [www.ozo-tsh.sko.gov.kz](http://www.ozo-tsh.sko.gov.kz), сайтында немесе 8 (71536) 2-26-97, 2-21-85 тел. бойынша алуға болады.

**Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі****Жер учаскелерінің сипаттамасы**

Алқаптардың құрамы (суарылмалы емес)	Бонитет баллы	Жалпы алаңы, га	Топырақтардың сапалық сипаттамасы	Орналасқан жері	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы	Сүмен қамтамасыз етілуі
<b>№ 1 Лот</b>						
Егістік – 73га, жолдар-0,9 га	30,7	73,9	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Амандық ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
<b>№ 2 Лот</b>						
Егістік-19,3	26,2	19,3	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Амандық ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
<b>Лот № 3</b>						
Егістік. – 27 га, жақсартылған жайылым. – 6 га, жолдар – 0,1 га	22,3	33,1	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Амандық ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
<b>№ 4 Лот</b>						
Егістік-41 га, жолдар – 0,3 га,	32,2	41,3	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Амандық ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
<b>№ 5 Лот</b>						
Егістік-37,7	42,3	37,7	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Тихоокеан ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
<b>№ 6 Лот</b>						
Егістік-95 га	35,8	95	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Тихоокеан ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
<b>№ 7 Лот</b>						
Егістік-99га, табиғи шабындық-4 га, жолдар – 0,5 га	54,4	103,5	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Теңдік ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
<b>№ 8 Лот</b>						
Егістік-44 га, Табиғи жайылым. – 58 га, жолдар – 1 га, өзге-2 га	35,3	105	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Теңдік ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Бар
<b>№ 9 Лот</b>						
Егістік-58 га жолдар – 2 га.	55,6	58,5	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Теңдік ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
<b>№ 10 Лот</b>						
Егістік– 37 га, табиғи жайылым. – 2,6 га.	40,7	39,6	Дала аймағы, топырақ түрі – кәдімгі қара топырақ	Миронов ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ



2024 жылғы сәуірде аудандық мәслихаттың төрағасымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау кестесі

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні мен орны
1	Ерлан Сапарбекұлы Алпысов, облыстық мәслихаттың депутаты, «Зерновой консорциум Казахстана» ЖШС мал шаруашылығы саласының кеңесшісі	3 сәуір «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
2	Сәрсенбай Мұратұлы Бекшенов, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының төрағасы	5 сәуір «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
3	Төрехан Ермаханұлы Алмасбаев, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тиолайн» ЖШС директорының орынбасары	8 сәуір Келлер а/о әкімдігі
4	Динара Мәлікқызы Рсаева, аудандық мәслихаттың депутаты, «Алабота орта мектебі» КММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	10 сәуір Амандық а/о әкімдігі
5	Алмас Жолдасұлы Нұрахмет, аудандық мәслихаттың депутаты, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Тайынша аудандық филиалының директоры	12 сәуір «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
6	Анатолий Францевич Сарницкий, аудандық мәслихаттың депутаты	15 сәуір Киров а/о әкімдігі
7	Гүлдана Серікқызы Көпірбаева, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша көп бейінді ауданаралық ауруханасының учаскелік терапевт дәрігері	17 сәуір Донецк а/о әкімдігі
8	Николай Викторович Брайченко, аудандық мәслихаттың депутаты, «УМР ОГОК» ЖШС директорының орынбасары	19 сәуір Чкалов а/о әкімдігі
9	Айгүл Бағдатқызы Әбдірахманова, аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	22 сәуір «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
10	Данил Викторович Долгалев, аудандық мәслихаттың депутаты, «Обуховский ГОК» ЖШС-нің директоры	24 сәуір Драгомиров а/о әкімдігі
11	Людмила Николаевна Журавлёва, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-нің директоры	26 сәуір Чермошнян а/о әкімдігі
12	Юрий Васильевич Красногоровый, аудандық мәслихаттың депутаты, «Зелёные Луга» ЖШС-нің директоры	30 сәуір Роцинск а/о әкімдігі

# ЖАҒДАЙ ТҰРАҚТЫ, ТИІСТІ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР

Ауа температурасының күрт жылынуы және қардың көп еруі нәтижесінде елдің көптеген аймағында, соның ішінде Солтүстік Қазақстан облысында да ықтимал су тасқынына қатысты жағдай күрделене түсті.

Осыған байланысты аудан әкімі Берік Әлжановтың төрағалығымен ықтимал көктемгі су тасқынына байланысты төтенше жағдайдың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссияның кезектен тыс отырысы өтті. Жиынға ауылдық округтер мен Тайынша қаласының әкімдері, жергілікті атқарушы және аумақтық билік органдарының басшылары қатысты.

Солтүстік Қазақстан облысында су тасқыны қаупі су айдындарының толып кетуі мен төгілуінен пайда болуы мүмкін. Өңірде орташа көпжылдық көрсеткіштер бойынша ылғал қорының көлемі 57%-ға жоғары. Тайынша ауданы арқылы Шағалалы өзені ағып өтеді, ол Теңдік және Чермошнян ауылдық округтерін бөліп тұратын Шағлы теңіз көліне құяды. Сондай-ақ бірқатар ауылдық округте жауын-шашын нормадан жоғары болған.

Кезектен тыс отырыс барысында Теңдік, Краснополян және Роцинск ауылдық округтерінің әкімдері, сондай-ақ Тайынша ауданы ТЖ бөлімінің бастығы Р.Әбдікәрімовтың су тасқыны кезеңіне дайындық барысы туралы баяндамалар тыңдалды. Сөз алғандар су тасқыны бола қалса, дайындықтары тиісті дәрежеде бар екендерін хабарлады.

Бүгінгі таңда су өткізгіштердің барлығы тазартылды. Мыңнан артық қап мөлшерінде инертті материалы бар тара дайындалды. Техника жеткілікті. Мотопомпалар барлығы жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар аудан әкімдігі биыл сатып алған алты мотопомпа да бар.

Сондай-ақ Тайынша қаласының жаңа шағын ауданында екі жаңа мотопомпаның орнатылғаны белгілі болды. Олардың әрқайсысы сағатына 260 текше суды сорады. Ауылдық округтерде әлі де қар шығарумен айналысуда. Бұл көшелер мен аула аумақтарын тазарту жұмыстары. Тайынша қаласында кейбір құбырлар бітеліп, олар да тазаланды. Шағалалы өзені әлі өз арнасынан шығып кеткен жоқ. Әлбетте, үйлерді су басу

қаупі жоқ емес. Мұның бәрі ауа-райына байланысты, біз қарды шығарамыз. Алайда, біз бәрін жүз пайыз алып тастай алмаймыз. Қалай болғанда да, алдын алу шаралары дайын болуы керек. Алдағы күндері ауа райы болжамына сәйкес түнде де жылы ауа температурасы орын алады. Осыған байланысты аула аумақтары мен үй құрылыстарының толып кетуі, шайылып кетуі, су басуы туындаған жағдайда уақтылы ден қою үшін барлық фактілер туралы хабарлау керектігін айтып тұрғындарға хабарламалар жеткізілді. Аудандық газеттерге де жарияланды.

ТЖ алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссияның кезектен тыс отырысында Р.Әбдікәрімов: «Елді мекендерде су тасқынына қарсы іс-шаралар өткізілді, атап айтқанда Келлеровка ауылында Гагарин және Крайняя көшелеріндегі кюветтердегі су бұру жолдары қардан тазартылды. Донецк және Краснокиевка ауылдарында 37 аула тазартылып, аулалардан қар кюветтерге шығарылды. Летовочное ауылында облыстық және аудандық маңызы бар жолда құбырлар ашылды. Су өтуі үшін кюветтер тазартылып, тесілді. Абай ауылдық округінде су тасқыны қаупін азайту аясында аула аумақтарын қардан тазарту, әлеуметтік маңызы бар объектілердің аумағынан су бұру жұмыстары жүргізілді. Мироновка ауылында еріген сулардың кедергісіз өтуі үшін кюветтерден қар тазалау жұмыстары жүргізілді. Чкалово ауылында Куйбышев көшесі, 45 мекенжайы бойынша еріген қар суын айдау жұмыстары жүргізілді. «Агрофирма Эксимнан» ЖШС ассенизаторымен сорып алды. Жалпы саны 40 м. текше су. Сондай-ақ Тайынша қаласында Пугачев көшесі, Почтовый бұрылысында кюветтер тазартылып, қала әкімдігі Қазақстан Конституциясы көшесі бойынша еріген суларды айдады. Жұмысқа 6 адам, 2 бірлік мотопомпа жұмылдырылды. 60 текше метр су сорылды. 1 мотопомпа және 14-ӨСБ жеке құрамының 4 адамы жұмыс істеді. 50 текше метр су сорылды» деді Р.Әбдікәрімов.

Жалпы ақпарат бойынша ықтимал су тасқынына дайындық аясында Тайынша қаласынан 50 мың текше метрге жуық қар шығарылды.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

\*КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА!

## ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

**Көктемгі су тасқынын қатаң ескертеміз! Қарлы қыстан кейінгі басталған көктемгі климаттық өзгерістерге байланысты біздің ауданымыздың елді мекендері аумақтарының су астында қалу қаупі бар. Қар күрт еріген кезде бірнеше елді мекендер су астында қалуы мүмкін, әсіресе төменде орналасқан жер үйлерді су алуы қаупі оқшағаларды болдырмау мақсатында тұрғындар келесі шараларды қолдануы керек:**

- Мессенджерлардағы хабарламаларды бақылап отыру;
- Тұратын жерінің су алатын шекараларын анықтау;
- Үй жанын қардан, қоқыстан тазарту, мүмкіндігінше қарды елді мекен сыртына шығаруды ұйымдастыру;
- Үй жанында орналасқан су өткізетін құбырларды тазарту;
- Аулада су ағатын арықтар жасау;
- Су өткізетін құбырлардың бастарын тазарту, жауын ағатын құбырларды тазалау;
- Үйдің аумағын су көшкінінен қорғайтын қолда бар материал дайындау (қап, топырақ, құм);
- Үй қоршауда қалған жағдайда қажет болатын ең керек деген заттарды дайындау;
- Алдын ала үй жануарларын қайда жіберетінін ойластырып қою;
- Үй заттарын, жер төледегі тағамдарды барынша жоғары жерге ауыстыру;
- Аулада мейлінше шаруашылық заттарын аз қалдыру, сумен ағып кетуі мүмкін;
- Жанар-жағар май құйылған ыдыстарды жақсылап жауып, ашылып кетпеуін тексеру;

- Су сорғыш, шелек, күректерді дайындап қою; Көктемгі су тасқыны балалар үшін аса қауіпті. Ата-аналар мен үлкендердің қараусыз қалған балалар, жағалауда ойнауы, мұздарда сырғанауы жиі орын алады. Бұл жағдайлар қайғылы аяқталуы мүмкін. Әсіресе көктемде балалар ойнайтын жерлерді қатаң бақылау керек. Су алу қаупі төнген жағдайда қауіпсіздік шараларын қатаң сақтайық! Ауа райының құбылып, толассыз қардың жаууы, сондай-ақ, тұрақсыз мұзды құбылыстардың әсерінен су деңгейі біршама көтеріледі. Дегенмен, аудандық төтенше жағдайлар бөлімі тарапынан бұл жағдай қатаң бақылауда. Тұрғылықты жерлердегі су тасқыны қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көбінесе, оның алдын алу шараларына байланысты болады. Егер сіз өзіңізді жекелеген қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз еткіңіз келсе:

- Су басу белгілерін байқаған жағдайда жас балалар мен қарт кісілерді тез арада қауіпсіз жерлерге шығару;
  - Үйдегі газ, электр көздерін және суды өшіру; жанып тұрған пешті сөндіру;
- Көктемгі су тасқыны кезінде мыналарға тыйым салынады:
- Өзен, көлге шығуға;
  - Мұз кететін кезде өзен арқылы өтуге;
  - Мұзға жақындауға;
  - Құлап кету мүмкіндігі бар жағалауларда тұруға;
  - Көпірше, бөгеттерде жиналуға;
  - Өзеннің тереңдігін өлшеуге;
  - Мұзда жүруге және сырғанауға.

Қайрат ТЕМІРБЕКОВ, төтенше жағдайлар бойынша бас маман.

## МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек аз қамтылған отбасылар мемлекеттен атаулы әлеуметтік көмекті алуға құқылы. Егер отбасы кедейлік шегінен төмен болса, отбасының әрбір мүшесінің жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен болған жағдайда мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алуға үміттен алады. Әр тоқсандағы кедейлік шегі облыстық ең төменгі күнкөріс деңгейінің 4-тоқсандағы 70% мөлшерінде есептеліп, 33883 теңгені құрайды. Айта кету керек, АӘК – нің екі түрі бар: шартты және шартсыз қаржылық көмек.

Шартсыз ақшалай көмек: жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысуға мүмкіндігі шектеулі жалғызбасты және (немесе) жалғыз тұратын кірісі аз адамдарға, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігіне, екі айдан астам еңбекке уақытша қабілетсіздік мерзімі белгіленуі мүмкін ауруының болуына байланысты, отбасы құрамында еңбекке қабілетті адамдары жоқ немесе еңбекке қабілетті жалғыз мүшесі үш жасқа дейінгі балаға, мүгедектігі бар балаға, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамға, бөгденің күтіміне және көмегіне мұқтаж қартқа күтімді жүзеге асыратын кірісі аз отбасыларға көрсетіледі. Шартты ақшалай көмекті алушылар үшін көмекшілер мен кеңесшілер отбасын өмірлік қиын жағдайдан шығаруға көмектесетін қызметтер мен көмектер кешенін таңдайды. Отбасының еңбекке қабілетті мүшелерін жұмысқа орналасуға, білім алуға немесе өз ісін ашуға, отбасының еңбекке жарамсыз мүшелеріне әлеуметтік келісім-шартта және әлеуметтік бейімдеудің жеке жоспарында көзделген әлеуметтік бейімдеу шараларына жәрдемдеседі. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап АӘК аясында 1 жастан 6 жасқа дейінгі аз қамтылған отбасы балаларына әр балаға 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 5538 теңге қосымша көмек төленеді. Бұл сомманы төлеу үшін арнайы өтініш берудің қажеті жоқ. Бір жастан алты жасқа дейінгі бала тәрбиелеп отырған отбасыларға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекпен бірге автоматты түрде 5538 теңге беріледі. Қазақстанда мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек проактивті форматта, яғни атаулы әлеуметтік көмекті алушылардың қатысуынсыз ақ тағайындалады. Отбасы МАӘК – ті тағайындау шарттарына сай болса 1414 нөмірінен тағайындау туралы SMS хабарлама келеді, оған келісім беру және банктік шотыңызды көрсету жеткілікті. Бірақ еңбекке қабілетті адам жұмыс істегісі келмесе мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалмайды. Толық мәлімет алу үшін мына мекен-жай бойынша хабарласыңыздар: Конституция Қазақстан к-сі, № 203үй тел: 22527

Б.Б. ЕШТАЕВА, Мансап орталығының маманы.





## НАУРЫЗ – КӨКТЕМ МЕН ЖАҢАРУ МЕРЕКЕСІ



Қазақстанда көктем қысты шығарып, 21 наурызда толықтай өз мезгіліне келеді – дәл осы ерекше күні көктемгі күн мен түннің теңелуін ғана емес, табиғаттың да жаңаруын білдіретін жарқын Наурыз мейрамы тойланады. 21 наурыз күні, Қарағаш ауылында Наурыз мейрамы ерекше аталып өтті. Жергілікті ауыл тұрғындарын құттықтауға аудан әкімінің орынбасары Сабұров Азамат Манатұлы арнайы келді. Мереке

мектеп ұжымы мен ауыл тұрғындарының өнерлерімен көркейтілді. Сондай-ақ мереке қонақтары мен ауыл тұрғындары арасында «Жілік соғу», ерлер арасында армрестлинг, қазақ күресі, «Арқан тарту» бойынша спорттық жарыстар өткізілді. Жеңімпаздарға мақтау қағаздары мен бағалы сыйлықтар табыс етілді. Мереке барша тұрғындар мен қонақтарға ұмытылмас әсер қалдырды.



\*\*\*

Наурыз мерекесін тойлаудағы жаңа өзгерістерге байланысты ұлттық киімге де бір күн арналды. Сан ғасырлар бойы қазақтың ұлттық киімі қарапайымдылығымен және ұтымдылығымен ерекшеленеді.

Ұлттық киім үлгісінде пайдаланылатын былғары, жүн, киіз, мата сияқты табиғи материалдар, асыл тастар мен металдар адамға жылулық пен жайлылық сыйлаумен қатар, киім иесінің атақ-дәрежесін, байлығын көрсететін.

Қазіргі модернизация дәуірінде ұлттық киім өз мәнін жоймай, бұрынғы дәстүрлер мен заманауи үрдістерді үйлестіре отырып, жаңа интерпретацияға ие болды.

Ұлттық стиль ұлттық мінез бен ұлт бірлігін айшықтай отырып, ел мәдениеті мен тарихының ажырамас бөлігіне айналды.

Ұлттық киім күні – киім үлгісі арқылы әр адамға өз даралығын білдіруге, сонымен қатар Қазақстанның бірлігі мен мәдени әралуандығын танытуға мүмкіндік береді. Бұл айтулы күн әрбір қазақстандықты өз мәдениеті мен ұлттық бірегейлігін мақтан тұтуға, ата-бабаларымызға құрмет көрсетуге және озық дәстүрлерімізді қазіргі заманға жалғауға шақыратыны сөзсіз!

Абай ауылдық округінің әкімінің аппараты.

## АДАЛ ЕҢБЕК ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНДЫ



Көптеген мамандық иелерінің ішінде сөзден гөрі нақты іске бейім мамандық өкілдерінің бірі – мал дәрігерлері. Ветеринарлар туберкулез, бруцеллез, эхинококк және басқа да аурулармен алысып жүріп қақаған қысты да, аптап жазды да төрт түлікті емдеумен өткізеді. Мал дәрігерлері азық-түліктің қазанға түскенге дейінгі кезеңін қарастырады. Еттің тазалығын, жұқпалы аурулардан аمانдығын қамтамасыз етеді. Мұнда мал дәрігерінің ішкі интуициясы да рөл атқарады. Мәселен, еттің анализдері жақсы, алайда бауыр органында.

«Тайынша ауданының ветеринария станциясы» аудан көлеміндегі ірі мекемелердің бірі. Осы саланың білікті маманы М.М.Тоқужинов басқаратын ұжымда білікті мамандар да жеткілікті. Ол азаматтардың мал шаруашылығының дамуына субелі үлес қосқанын бүгінде жергілікті жұрт жақсы біледі. «Тайынша ауданының ветеринария станциясы» ШЖҚ МКК директоры М.М.Тоқужинов Наурыз мерекесі қарсаңында бірқатар мал дәрігерлеріне «Солтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің өнеркәсіп кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бекет Қауасханұлы Нұғымановтың атынан құттықтап, марапаттар тапсырды. Олардың қатарында ветеринария саласын дамытуда адал еңбекатқарған, көпжылдық еңбегі және жеке еңбек үлесі үшін «Құрметті Ардагер» төс белгісі мен Құрмет грамотасымен Тихоокеан ауылдық округінің ветеринариялық дәрігері Б.М.Мақажанов, Краснополян ауылдық округінің ветеринариялық дәрігері Қ.Б.Қанабаев, Драгомировка ауылдық округінің ветеринариялық дәрігері Ж.А.Әжіғұлов болды.

III -дәрежелі «Еңбек даңқы» төс белгісі мен Құрмет грамотасымен

Алабота ауылдық округінің ветеринариялық дәрігері О.Ч. Козловская, Краснополян ауылдық округінің ветеринариялық фельдшері Ш.С.Қанабаева, Амандық ауылдық округінің АЖС деректер қорының операторы А.Н. Ранн марапатталды.

Құрметті ветеринария саласының мамандары, еліміздің игілігі жолындағы адал еңбегіңіз үшін шексіз алғысымызды білдіреміз. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға тыныштық пен жылулық, ұзақ ғұмыр мен қуаныш тілейміз! Еңбек жолында биік белестерден көріне беріңіздер!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

## ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ

2024 жылғы 24- наурыз Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні. Ағымдағы жылы айлық «Иә! Біз туберкулезді жеңе аламыз!» деген қорғаныспен өтіп жатыр.

**ТУБЕРКУЛЕЗ дегеніміз не? Ауру қалай беріледі?**

Туберкулез- бұл туберкулездің микобактериялары тудыратын және ауру адамнан сау адамға сөйлесу, жөтелу және түшкіру арқылы ауа тамшылары арқылы берілетін инфекциялық ауру. Туберкулезбен ауыратын жануарлар (ірі қара мал) арқылы және тамақ өнімдері (термиялық өңдеуден өтпеген сүт өнімдері және т.б.)

**Туберкулезбен ауыратын науқастарда қандай ауру белгілері бар?**

Әдетте, туберкулез біртіндеп пайда болады, ұзақ уақыт бойы өкпе тіндерінде таралады және көбейеді. Сондықтан да аурудың басында туберкулездің ауру белгілері болмайды. Бірақ кейінірек, 4-6 айдан кейін науқаста келесі ауру белгілері пайда болады: екі аптадан астам уақытқа созылатын жөтел (жөтел туберкулездің өкпе (жұқпалы) түрімен ауыратын науқастарда негізгі ауру белгісі болып табылады) және салмақ жоғалту, тершеңдік, кеуде ауыруы, жалпы әлсіздік және тез шаршау, дене температурасының ұзаққа созылуы. Егер бұл белгілер болса, тексеруден өту үшін міндетті түрде емханаға бару керек.

Тұрғылықты жері бойынша емханаларда жыл сайын профилактикалық тексерулер мен скринингтерден өтіңіз.

Біздің азаматтардың көпшілігі ауырған кезде ғана дәрігерге қаралады. Бірақ біз мұның бәрін алдын-ала аламыз. Туберкулездің медициналық алдын алудың негізі- ол емханада жыл сайынғы флюорографиялық тексерулер.

**Туберкулезбен ауырмау үшін не істеу керек?**

Салауатты өмір салтын ұстану:

1. Спортпен шұғылдану;
2. Толық тамақтану;
3. Жеке гигиена шараларын сақтау;
4. Зиянды әдеттерден бас тарту-темекі, алкоголь және есірткі қолданудан;
5. Белмені үнемі желдетіп отыру, таза ауада көбірек болу. Есіңізде болсын, Сіздің денсаулығыңыз сіздің қолыңызда!!!

Галина ТОЛСТОЛУЖИНСКАЯ,  
«Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ бас маманы.



# № 8 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ТАЙЫНША АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАРДЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ҰСЫНАМЫЗ



## ХАМЗИН МЕРЕКЕ ЖАҚСЫЛЫҚҰЛЫ

Мен, Хамзин Мереке Жақсылықұлы, 1987 жылы 25 қыркүйекте Ресей, Свердлов облысы Богданович қаласында дүниеге келдім.

Тайынша ауданы Келлеровка ауылындағы орта мектепті бітірдім, 2 жоғары білімім бар: 2009 жылы - М. Қозыбаев атындағы СҚМУ «Құрылыс» мамандығы бойынша, 2015 жылы – «Көкше» академиясы «Құқықтану» мамандығы бойынша.

Еңбек жолын 2010 жылдың мамыр айынан бастап Тайынша ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің жетекші маманы болып бастадым.

2011 жылғы қаңтардан 2013 жылғы қазанға дейін Тайынша ауданы әкімінің көмекшісі,

2013 жылғы қарашадан 2015 жылғы мамырға дейін «Тайынша ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ жұмыспен қамту секторының меңгерушісі.

2015 жылғы мамырдан 2016 жылғы қазанға дейін құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы,

2016 жылғы қазаннан 2018 жылғы қарашаға дейін Чермошнян ауылдық округінің әкімі.

2018 жылғы қарашадан 2021 жылғы наурызға дейін Тайынша ауданы әкімі аппаратының басшысы.

2021 жылғы наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін «АМАНАТ» партиясының Тайынша аудандық филиалының төрағасы.

Құрмет грамоталарымен және алғыс хаттармен марапатталған. Үйленген, екі баласы бар.

### САЙЛУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

№8 сайлау округінен аудандық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде, «АМАНАТ» партиясының мүшесі ретінде ұсынылды. Депутаттыққа үміткер болу

туралы менің қабылдаған шешімім қоғамға, халыққа, әрқайсыңызға қызмет ету ниетінен туындайды.

Партияның Тайынша аудандық филиалының төрағасы ретінде мониторингтік топтар құрамында жұмыс істей отырып, бір партияластармен бірге ауданның округтеріне барып, есеп беру кездесулеріне жүйелі түрде қатысамын және елді мекендердегі проблемалар туралы білемін, сондай-ақ жергілікті жерлердегі ауылдарға барған кезде әлеуметтік маңызы бар объектілерді жөндеу, кентішілік жолдарды, сумен жабдықтау объектілерін жөндеу барысымен таныстық, ауыл тұрғындарымен, еңбек ұжымдарымен кездестім, азаматтарды жеке қабылдау өткіздім.

Құрметті сайлаушылар!

Менің сайлауалды бағдарламам партияның сайлауалды бағдарламасына негізделген. Егер мен депутат болып сайлансам, келесі мәселелерді шешуге көмектесемін: «Қарағаш ауылында ФАП салу» жобасын іске асыруға жәрдемдесу; Чкалово ауылындағы ауылдық дәрігерлік амбулаторияны жаңғыртуға жәрдемдесу; Қарағаш, Аққұдық ауылдарындағы сумен жабдықтау объектілерін реконструкциялауға, салуға және ағымдағы жөндеуге жәрдемдесу, сондай-ақ Петровка, Чкалово ауылдарындағы тарату желілері бар бұталы сумен жабдықтау көзінің құрылысын аяқтауға жәрдемдесу; Аудандағы мектептер мен балабақшаларды жаңғыртуға жәрдемдесу, сондай-ақ орындалатын жұмыстардың сапасына тұрақты негізде мониторинг жүргізу және бюджет қаражатын игеру; Елді мекендерді абаттандыру, жолдарды жөндеу және олардың қауіпсіздігі, көшелерді жарықтандыру; Ұялы байланыс және интернет сапасын жақсарту бойынша жұмыс жүргізу;

Бұл назарды талап ететін мәселелердің бір бөлігі ғана, ал жоғарыда аталған мәселелердің шешімін ауданымыздың перспективалық әлеуметтік-экономикалық дамуында көріп отырмын.

Өз елінің, туған өлкесінің нағыз патриоты ретінде мен сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне «нөлдік» төзімділік атмосферасын құруға және оның деңгейін төмендетуге ықпал етемін, халқымыздың бірлігін нығайтуға ұмтыламын.

Құрметті жерлестер!

Мен Тайынша ауданы тұрғындарының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын едәуір арттыру бойынша қойылған міндеттерді шешу үшін сайлауға барамын.

Біз бірге барлық мақсаттарға қол жеткізе алатынымызға сенімдімін. Бірлесіп мықты мемлекет құрамыз!



## ГИЗЕЕВА ГҮЛМИРА ОЛЖАБАЙҚЫЗЫ

Мен, Гизеева Гүлмира Олжабайқызы 1976 жылы 16 тамызда Көкшетау облысы, Көкшетау ауданы, Елтай ауылында дүниеге келдім. Білімі: жоғары-педагогикалық. «Көкше» Көкшетау академиясын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірдім.

Еңбек жолым 1994 жылдан бастап Октябрьский совхозында бөбекжай-бақшасында тәрбиеші болып бастадым. 2007-2018 жылдары Новоприверный негізгі мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. 2018 жылдан бастап қазіргі уақытта – Тайынша қаласы «Болашақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК меңгерушісі.

### САЙЛУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Аудандық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде мен өзімді ұсыну арқылы сайлауға түсемін. Менің сайлауға қатысу туралы қабылдаған шешімім қоғамға қызмет ету ниетінен туындайды.

Мен сайлауға қатыса отыра, ауылдық округ тұрғындарының мәселелерін, ресурстық әлеуетін және экономиканың мүмкіндіктерін жақсы білемін және осы мәселелерді шешуге елеулі үлес қосуға тырысамын.

Егер маған сіздің мүдделеріңізді білдіруге және қорғауға жоғары сенім берілсе, депутаттық қызметтің негізгі күш-жігері мынадай міндеттерді шешуге бағытталатын болады:

- аз қамтылған халықты одан әрі әлеуметтік қолдау;
- білім беру саласын жетілдіру, мектептер мен балабақшаларды жөндеу.
- жастарды, аз қамтылған азаматтарды одан әрі әлеуметтік қолдау.

Сіздің қолдауыңыз бен дауысыңызға үміттенемін!



## СЫЗДЫҚОВ БАҚЫТ СЕРІКҰЛЫ

Мен, Сыздықов Бахыт Серікұлы 1980 жылы 15 қаңтарда Ақмола облысы Целиноград қаласында дүниеге келдім. 2001 жылы Көкшетау экономика және менеджмент институтын «Экономист» мамандығы бойынша бітірдім.

Еңбек жолын 2001 жылы «Сапаров С.А.» ШҚ есепшісі болып бастадым. 2005–2007 ж.ж. Тайынша ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің маманы. 2007-2014 ж.ж. Тайынша ауданы бойынша салық комитетінің маманынан бөлім бастығына дейін, 2014–2019 ж.ж. «Алмас АН» ЖШС директорының орынбасары, 2019–2022 ж.ж. «Камилла Агро» ЖШС директорының орынбасары, 2022 ж. бастап қазіргі уақыт бойынша «Олжас и К» ШҚ басшысы.

### САЙЛУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Ауылдастарымыздың қажеттіліктерін және біздің ауданның қалай өмір сүріп, дамып жатқанын, қандай проблемаларға тап болғанын білу маған депутат ретінде, өз міндеттерімді тиімді орындай отырып, халық қалаулысы ретінде пайдалы бола алатынымды жеткізді.

Мен жақсылық пен әлеуметтік әділеттілік мұраттарымен рухтандырылған еркін, тәуелсіз, егемен Қазақстанды жақтаймын, мені түбегейлі реформалар мен сілкіністерсіз елдің тұрақты дамуы үшін күресуге деген ұмтылыс жетелейді.

Менің жерлестерім үшін өте маңызды проблемалық мәселелерді шешу Тайынша ауданындағы өмірді жақсартуға мүмкіндік береді. Бірлескен күш-жігермен біз өз ауданымызды таза, тұрға ыңғайлы ететімізге сенімдімін.

Менің аудандық мәслихат депутаты ретіндегі жұмысымның негізі адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған қызмет болуы тиіс.

Өз елінің нағыз патриоты ретінде мен халқымыздың бірлігі мен ұйымшылдығын нығайтуға бар күшімді саламын.

Сайлау – 2024 материалдары аудандық сайлау комиссиясымен жергілікті бюджет есебінен төленді.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабына, 39-3-бабына сәйкес Амандық ауылында 25.03.2024 жылға белгіленген жергілікті қоғамдастық жиналысының өткізілу мерзімі кейінге қалдырылды.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -  
Бас редактор  
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 89 . Таралымы: 1300.

### МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.